

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының еліміздің дамуына қосқан үлесі

Жаңадан ашылған Торғай облысын қалыптастыру мен дамыту мақсатында оның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін қалыптастыру, білімін, мәдениетін және ауыт шаруашылық құрылымдарын жетілдіру мақсатында, жергілікті жердің жастарын жоғары біліммен қамтамасыз етуге мүмкіндіктер тұтызы үшін Арқалық педагогикалық институты ашылған болатын.

Торғай өлкесіне Қазақстандың барлық аймақтарынан, сонымен қатар Кеңес Одағының көптеген мекендерінен «Комсомолдық құрылышқа» ұраны астында әр түрлі мамандықтар саласындағы жастар тартыла бастады.

Енді ғана ашылған Арқалық педагогикалық институтына да еліміздің барлық қалаларынан, ішпері университет түлектері бағдарламалармен, тәжірибелі ғалымдар шақырылды. Сонымен қатар Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Балтық жағалауы елдерінен, Орта Азия университеттерінен атақты ғалымдар мен тәжірибелі үстаздар жумысқа тартылды. Олар институттың ірге тасым қалап, оның дамуына аянбай еңбектерін жүмсады.

Институт ұжымының алдына қойлған негізгі стратегиялық мақсат - ол Торғай өнірінің жастарын жоғары білім алуға тартып, мүмкіндігінше қолайы жағдай жасап, алған білімдерін өнірдің әлеуметтік жағдайын дамытуға пайдалану болатын. Осы тарихи жоғары міндетті Арқалық педагогикалық институтының түлектері толығымен айраптап орындағы.

Институт кейіннен өзінің даму барысында тек өнір жастарына ғана емес Қазақстанның барлық аймақтарынан келген жастарға да сапалы жоғары білім беріп, өзінің ерісін көнектітті. Институтта оқытЫн студенттердің құрамы әр түрлі халық өкілдерін курап, достығы жарасқан бір отбасына айналды.

Институт түлектері Торғай өнірінің білімінің, ғылыминың, мәдениетінің, спорт саласының, әлеуметтік-экономи-

калық әлеуетінің, өндірісінің, құқық қорғау мен үкіметті басқару салаларының қалыптастыру мен дамуына аянбай абыройлы енбек етті.

Түлектердің жумысқа орналасу орындары осы өнірмен таңа шектелген жоқ, оның тегографиясы ете кең болды. Ол Қазақстанның барлық облыстарын, бұрынғы Кеңес Одағының көптеген мемлекеттерін және Еуропа елдерін де қамтыйды. Шет елдердердегі түлектер институттың тарихында атауы күндерде институттагы алған сапалы білімдері үшін ризашылықтарын билдіріп, күттіктау хаттарын жолдан жататын.

Түлектердің қажырлы, абыройлы еңбектерінің арқасында Торғай өнірі гүлденіп, еліміздің ең сүйікті мекендерінің біріне айналды. Өндірісі, білімі, ғылыми, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы артты, ауылдар көркейді, елдің болашаққа деген үміт-армандары асқақтал, келешекке деген үмтілісі жарқын болатын.

Окінішке орай, бұл армандар биліктің әдеби қолдан жасаған құйтырқы саясатының арқасында көнеттен күрт үзілді. Өнірге қиыншылықтың қара бұлты төнді. Сан жылдар бойы халықтың еңбегінің арқасында гүлденіп дамыған өнір быт-шығын шығып қирады, әдеби талқандалды, халықтың жағдайына қарайтын билік болмай, елді «ақ табан шұбырындыға» айландырған күндер туды. Өнірден жылу кетті, жарық сені. Осындай адам төзгісіз қыны сәттерде ауылдағы жауптап жұмыстардың басында осы институт түлектері журді. Олар елдің ауыр жағдайын сел де болса жеңілдетуге өздерінің бар күштерін салып аянбай абыройлы енбек етті. Мен де солардың еңбектеріне күә болып, олармен бірге жүрдім.

Казіргі уақыттың өзінде институт түлектері мен студенттері әлі қирау үрдісі жалғасып жатқан өнірлердің мектептерінде жұмыс жасап, өз көмектерін көрсетуде. Студенттер институтта сабак оқумен қатар

мұғалімдер жетістей, қындық көріп отырған мектептерге барады, сабактар беріп, елдің әлеуметтік жағдайының тұрақтауына өз көмектерін беруде.

Айтылған маселелерден шығыны Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты өзінің жартығасырылғы тарихында еліміздің дамуына ете маңызды, тенденсіз үлесін қости және қосып келеді дең үлкен мақтанишпен айтымызға болады.

Торғай өнірінің болашағы қазірші ғұлыштырып болып тұр. Бұл жағдай институттың болашағына да әсерін тигізуде. Институттың дамуына басшылар тарапынан тұрақты қеніл белініп келеді. Дегенмен институт құрылымын бұрыннан талай сындардан өткен, тәжірибелерде дәлелденген классикалық үлгіде сақтай отырып, біліктілігі жоғары оқытушылармен қамтута, материалды базасын дамытуға, заманауи әдіс-тәсілдерді менеруғе және қолдануға үздіксіз қеніл белініп отырылғаны дұрыс. Қазірге уақытта шет елге елікеп, елдің тарихына, тілне қеніл белімтің, құрылымдары әр түрлі модада жасалынған, ешқандай тәжірибеден өтпеген, нәтижелері сенімсіз, қолдан жасалынған жоғарғы оку орындары көп. Олардың модаларына еліктеу институттың дамуына көрі әсерін тигізу мүмкін.

Еліміз сарқырап ағатын бұлақтай өзінің тарихи дамуының қарсанында тұр. Олай болса Торғай өнірі де жайқалып, қайта гүлденіп, барлық аймақтармен терезесі тен, кемелденген өлкеге айналытын сөзсіз. Бұдан Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты тек өнірлік ғана емес, дүниежүзіне аты малім, көпсалалы Ұлттық университетке айналып, тасырдан ғасырга дами беретіні сөзсіз. Мен оған көміл сенемін.

Әбілхан ҰМБЕТҰЛЫ,
АрқПИ профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі,
Ресей жаратастыстану академиясының академигі.